

Бекітемін

«Батыр» балабақшасының

Директоры: А.Е.Овезова



Батыр
Қарағанды

«Қыркүйек» «2025»
Асқар

2025-2026 жж сәуір айының тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы

«Ер төстік » ересек тобы

Топ: «Ер төстік » ересек топ

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **30.03 - 03.04.2026 ж.**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы «Асықпай жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға». Абай Құнанбаев					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	«Балабақша, мен және отбасы – денсаулық формуласы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау.	Балалардың танымдық үрдістерінің диагностикасы (психолог). Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла». Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы.	Кеңес. «Су тасқыны». Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла». Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы.	Кеңес. "Баланың бос уақытын тиімді пайдалану". Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла». Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы.	Ата-аналарға кеңес. "Қыңырлықты шешу жолдары".
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". (қоршаған әлеммен	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Пияз отырғызу". (қоршаған әлеммен таныстыру)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Гүлдер мен көкөністердің тұқымын себу". (қоршаған әлеммен	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". (қоршаған әлеммен	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Асхана бойынша кезекшілік". (қоршаған әлеммен

эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету: жерді копсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (музыка, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету. Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және	Мақсат-міндеттер: балаларды мақсат қоюға, жұмыс орнын, құралдарды дайындауға және өздерін тазартуға үйрету. Балалардың шамның құрылымы, пияздың өсуіне қажетті жағдайлар туралы білімдерін бекіту. Еңбек дағдыларын, жермен, сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті дамыту. Экологиялық мәдениетті, нәтижеге жетуді, жалпы іске қатысуды тәрбиелеу. «Бір кітап» Көркемсөзді жаттау жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тындалған шығарманың, мазақтама мазмұнын қайталап, есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; халық ауыз әдебиетіне, көркемсөзге қызығушылықты арттыру. "Мақтаншақ" Әй, мақтаншақ, мақтаншақ!	таныстыру, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балаларға әр өсімдіктің тұқымы болатыны туралы білім беру. Тұқым себу кезінде қажетті әрекеттердің реттілігін біліңіз: топырақта копсыту жасаңыз (тұқым себу үшін, әр уақытта олардың арасындағы қашықтықты және ойықтарды таяқпен белгілеңіз); жұмыс кезінде мәдени және гигиеналық дағдыларды сақтауға үйреніңіз. Балалардың көшеттерді дайындау үшін топтағы қораптарға қандай тұқымдар себілетіні және қандай тұқымдар ашық жерге себілетіні туралы білімдерін бекіту. Еңбек дағдыларын дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу: алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды (қажет болғанда, жуу, кептіру) сүрту және орнына қою. Тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Үстел үсті ойыны. «Есіңе сақта». (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Балаларға 5 әртүрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып	таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері: топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Қауіпсіздік. "Мен және мен туралы" жаттығуы (тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін бекіту. Тіл ұстарту жаттығуы "Кім не істейді?" (тіл дамыту, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Сөйлеу
--	---	---	--	---	--

	мақтаныш сезімін ояту. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.			тастағанын айтады. Педагог балалардың қаншалықты естеріне сақтағандарын байқайды.	қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен) (дене тәрбиесі, музыка) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау. 1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау. 1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.	Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен) (дене тәрбиесі, музыка) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау. 1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау. 1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.	Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен) (дене тәрбиесі, музыка) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау. 1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау. 1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.	Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен) (дене тәрбиесі, музыка) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау. 1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау. 1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.	Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен) (дене тәрбиесі, музыка) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау. 1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау. 1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.
Таңғы ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар) Тамақтану әдебін сақтауды, дағдыларды бекіту. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде				

	сөйлемей. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю. Көркем сөз Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Әкелер мектебі»: қабылдау бөлмесін "Ғарыш" тақырыбына әшекейлеу, балалардың ғарыш туралы суреттер көрмесін ұйымдастыру. Балалар кітапханасы: ғарышқа ұшу жайында суреттерді, энциклопедияларды қарастыру; ғарышкерлер тақтасын жасау; өлеңдер мен әңгімелерді оқу. "Күй күмбірі": "Ел жаңа" - Төлеген Момбеков (орындаған Біләл Ысқақов) https://kitap.kz/music/2/bil-l-ysqaqtyng-oryndauyndagy-kuyler «Өнегелі»: Еңбек және мамандықтар. Тақырыбы: «Барлық мамандықтар маңызды». Мақсаты: адам өміріндегі еңбектің орны.				
	Ғарышқа саяхат жасау. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Tigtag Junior бейнематериалын көру. "Сатурнға саяхат"	Ғарышкерлермен таныстыру, әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	«Менің достарым». «Досым екеуіміздің шығармашылығымыз» фанта ойыны. Би өнері. (қоршаған әлеммен таныстыру, музыка) Мақсат-міндеттер. Дос баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, тату болуға ынталандыру. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды	Ғарыш туралы суреттерді қарастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйретуді жалғастыру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	Шаттық шеңбері (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге тәрбиелеу. Өртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Ұйымдастырылған іс-

			орындауға қызығушылықты арттыру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қимылдарды музыкамен сәйкестендіруге баулу.		әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру.
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Дене тәрбиесі "Командаға ұпай жинайық". Мақсат-міндеттер: балаларды жетекшінің ауысуымен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуге үйрету. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту, қауіпсіздікті сақтау. Дене сапаларын: күш, төзімділік, ептілік, икемділікті дамыту. Негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, өрмелеуді жетілдіру.	Қазақ тілі "Ғарышкер боламыз. Адамның дене мүшелері. 10 дейін тура және кері санау." Балаларға ғарыш жайлы алғашқы түсініктірін дамытуға жәрдемдесу; «ғарыш» туралы түсінік қалыптастыру; ғарышкерлер киімдерінің ерекшеліктері жайлы түсінік беру; сандық қатар, тура және кері санау жайлы түсініктерін бекіту; адамның дене мүшелері мен бет-әлпет бөліктері туралы білімдерін нақтылау. Балаларды қазақ тілінде сөйлеуді мұқият тыңдауды үйрету; зат есімді сөздерге көптік, тәуелдік жалғауларды дұрыс қосып айтуға үйрету; сөз ішінде [ғ] дыбысын дұрыс дыбыстауға жаттықтыру.	Дене тәрбиесі "Еңкіс тақтайдың үстімен жоғары-төмен жүру". Мақсат-міндеттер: Балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін қалыптастыру; бір жағы 50 см биік еңкіс тақтайдың үстімен құм салынған қапшаны көкірегіне ұстап, жоғары-төмен жүру тепе-теңдігін сақтауға машықтандыру; құрсаудан құрсауға оң және сол аяқпен кезек секіруде және құм салынған қапшаны 4 м қашықтықтан оң және сол қолымен тігінен ұстап лақтыруды жаттықтыру.	Музыка "Көктем келді". Мақсат-міндеттер. Балаларды әртүрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын, жоғары дыбыстарды ажырату. Музыканың сипатын сезінуге, сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (музыкалық жетекшінің көмегімен). Музыканың сипатына сәйкес шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу; жұппен би қимылдарын орындау.	Дене тәрбиесі "Денемізбен баланс ұстайық". Мақсат-міндеттер: балаларды жүруді секірумен кезектестіру; қарқынды жылдамдатып жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша оң аралықтан сол аралыққа ауысуға үйрету. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту, қауіпсіздікті сақтау. Дене сапаларын: күш, ептілік, икемділікті дамыту. Негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен өрмелеуді жетілдіру.

	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Ғарышқа саяхат. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-қ], [-ғ] дыбыстары." Мақсат-міндеттер: балаларды қатаң [Қ] және ұяң [Ғ] дауыссыз дыбыстармен таныстыру, жалпы мағлұматтар беру; көңілдерін дауыссыз дыбыстардың қатаң және ұяң болуы туралы түсініктерді беру.	Математика негіздерінен ойын-жаттығулар. "Зымыранның түрлі құрылысы". Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық денелер мен пішіндер туралы білімдерін жетілдіру.	Дамытушы мультфильмдер. Tigtag Junior. "Ғарышкерлер" (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) https://bilimkids.kz/kk/media/video/garyskerler Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу. Жақындарының мамандықтарымен (ғарышкермен) таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну. Сөздік қорды байыту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру.	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Ай мен Күн". Мақсат-міндеттер: балаларды "Ай мен Күн" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету.	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Әуе кемесі". Мақсат-міндеттер: балаларға әуе кемесі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы әуе көлігі екені жөнінде білімдерін кеңейту.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру) «Экологиялық тәрбие». Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру, жүйеге салу: өз бетінше киіну мен шешіну, киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; барлық түймелерін түймелеу, ілмекті салу, бір-біріне көмектесу; өз киімдерін тану, атау, күту. «Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын бекіту (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Серуен	Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау.	Жыл құстарын бақылау. (қоршаған әлеммен	Күннің шұғыласын бақылау.	Ұяны бақылау. (қоршаған әлеммен	«Қауіпсіздік». Автобусты бақылау.

	(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Бақылау барысында маусымға тән көріністерді: көктемде құстардың қоректену, ұя салу қажеттілігін анықтау. Құстардың сыртқы пішіні, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы туралы ұғымдарын байыту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Балалардың әртүрлі іс-әрекеттерінде өлеңді тыңдауға баулу. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. Ұшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді, Құттай дәнді қиядан көзі шалып,	таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде қайтып келген жыл құстардың қоректену, ұя салу қажеттілігін анықтау. Ұзақ, тырна құстарының сыртқы пішіні, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы туралы ұғымдарын байыту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Балалардың әртүрлі іс-әрекеттерінде өлеңді тыңдауға баулу. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. Алыстан ұшып келеді, Құстар қайтып. Құстар бізге Қиқулайды, Үн қатып. Көктемге сәлем жолдайды, Жылды бастап,	(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Өлі табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау: күн ашық, себебі аспан бұлттардан таза, түсі көк. Күннің мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы түсініктерін кеңейту. Күн көзіне қараумауға үйрету (фотопленканы қолдану). Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Сөз өнеріне, жұмбақты шешуге баулу. Жұмбақ. Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күннің көзі) Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер	таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде қайтып келген жыл құстардың қоректену, ұя салу қажеттілігін анықтау. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Сөз өнеріне баулу. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. Жұмбақ. Ши түбінде шым кесе. (Ұя) Тақпақ. Құстар ұя салады, Жасауға жұмсақ ұяны. Жабағы жүнді жияды, Жайлы қып жасап ұяны Жұмыртқасын салады. Шатыр астындағы ұяны бақылау, ағаштағы құстардың ұяларының ерекшелігін белгілеу. Құстар ұяны	(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Көлік түрлері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. "Қоғамдық көлік аялдамасы" жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету. Қоғамдық көлікте әдептілік ережелерін қайталау (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу). Балаларды жол қозғалысы ережелерін бекіту. диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. Жұмбақ. Жүргіздім бұл үйімді, Жүйткісе, жұрт сүйінді. Бар жолмен жұртты тасып жүр Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус)
--	--	--	---	--	---

	Байғұс сірә көрмейді өгіздерді.	Сағынышқа толған әнін Үзбей қостап. (Д. Ахметова)	беретінін түсіндіру. Аспан көгін баурап алып, жайғасқан, Таңнан бері біздің ойға ұласқан, Күн қарайды оттай жылы жүзімен, Күн сайын ол қоштасады құзымен.	жасайды. Өздері ағаш бұтақтарынан, жүннен, шөптен құрайды. Балапандарын ұрғашы құс басады, ал еркегі тамақ тауып, ұяның жаныңда ән айтып отырады.	*** Көлікке мінсең, жолаушы, сөйлеме. Жүргізуші назарын ешқашанда бөлме. Ережені бұзба, тыныштықты сақта. Жүйрік көліктің бағытын бөгеме. (Дина Ахметова)
Серуеннен оралу	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін ілу, жинау, кептіретін жерге аяқ-киімдерін орналастыру; ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; қолдарын жуу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу.				
Түскі ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары) Тамақтану әдебін сақтауды, дағдыларды бекіту. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю. Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. Тамақтану әдебін сақтауды, дағдыларды бекіту. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану,				

	тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішкенде сөйлемей.				
Күндізгі ұйқы	«Өгіз» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (тіл дамыту мен көркем әдебиет)				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. (дене тәрбиесі) «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: "Төсектерді төсеуде (жинауға) күтушіге көмек көрсету". (еңбек дағдылары, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	"Бүгін, кеше, ертең бе?" ойын-жаттығуы. (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың уақытты бағдарлай білу қабілеттерін дамыту, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру, сұрақтарға толық жауап беруге ынталандыру. "Қайшымен бір пішіннен жаңа пішінді қиып алу" тәріжибелік жаттығуы. (жапсыру, математика	Құрастыру материалдарымен ойындар. (құрастыру, математика негіздері) Мақсат-міндеттер. Орналасыру тәсілдерін қолдана отырып, құрастыру бөлшектерін (материалдарын) ажырату, атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Геометриялық пішіндер туралы білімдерін тиянақтау.	«Ғажайып дорба» үстел үсті ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды затты сипаттауға, әңгімелер құрастыруға үйрету. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету.	Д. Ахметова "Оң қолым мен сол қолым" жаттығуы. (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалардың оң мен сол жақты ажырата білу қабілеттерін бекіту; мәтіннің мәніне сай қимылдауға дағдыландыру. Дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, ү, ұ, і, қ сөз ішінде анық айтуға баулу. Оң қолым менің, қалайсың? (Оң қолды көрсету) Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау) Мен қасық ұстап аламын,	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ұлттық ойын. "Үш табан" (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Үш табан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кенейтігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үштабаннан артықтау

	негіздері) Мақсат-міндеттер. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алу техникасын жетілдіру. Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді құрап, жапсыру дағдыларын жетілдіру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.	Ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Құралдары: текшелер, кірпіштер, білеулер, пластиналар, блоктар, призмалар.	Логиканы, тері түйсіктерін (тактильді), байланыстырып сөйлеуді дамыту.	(Қасықты ұстағанды көрсету) Әдемі сурет саламын. (Сурет салғанды көрсету) Сол қолым, сен не қалайсың? (Оң қолды көрсету) Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұрандау)	жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады.
Балалармен жеке жұмыс	Жаңылтпаш жаттайық (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, жаңылтпаш айту өнеріне баулу, жаттату. Ғарышкер ұшты ғарышқа. Ғарышқа ұшты ғарышкер. Айтшы, ғарыш алыс па?	Үстел үсті ойыны «Бір сөзбен ата». (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға суреттер беріледі, бір сөзбен ғана атауын атайды. Мысалы. "Қалам, қағаз, кітап, дәптер" - Мектеп құралдары. "Теледидар, радио,	«Бес саусақ» саусақ жаттығуы (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, математика негіздері) Мақсат-міндеттері. Саусақ жаттығуларына баулу. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө,	Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. Қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді есте	"Ай мен Күн". (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Мақсат-міндеттер: балаларды "Ай мен Күн" ертегісінің мазмұнын қайталап, сұрақтар қою, бекіту.

		компьютер, ұялы телефон" - Техника құралдары.	Ү, ұ, і, қ, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Оң мен сол жақты ажыратуға үйрету. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортаң терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.	сақтауға баулу. Тоқтар, Талғат ағадай, Мен Ғарышкер боламын. Ғарышқа ұшып Айдындай, Қанат жайып қонамын	
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру) «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: ауа райына сәйкес киіну; өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту. «Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Серуен	«Қауіпсіздік». Кешкі уақыттағы күнді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары туралы ұғымдарын кеңейту. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (күн	«Экологиялық тәрбие». Торғайды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді:	Желді бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары (жел) туралы ұғымдарын кеңейту. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау: жел соқса, бұлттар көшеді.	Жер бетіне өсіп шыққан шөпті (немесе көктем гүлдерін) бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту. Бақылау барысында өсімдіктердің тірі тіршілік	«Қауіпсіздік». Көліктерді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Көлік түрлері туралы білімдерін қалыптастыру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, "Жаяу жүргінші өткелі", "Қоғамдық көлік

	батады, айнала жарық пен жылу азаяды, күн суытады). Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жел соқты), соған сәйкес киіну. Күннің кешкі уақытта төмен түсіп, батып, түннің басталуына ықпал ететінін түсіндіру. Сөз өнеріне баулу, мақал-мәтелдің мәнін түсінуге көмектесу. Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопленканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну. Мағжан Жұмабаев Алтын күн батып барады, Күйдіріп көктің жиегін. Күн туралы мақал-мәтелдер: – Соқырға күн де қараңғы, түн де қараңғы. – Батар күннің атары бар.	көктемде құстардың қоректендірудің, ұя салудың, балабан басудың қажеттілігін анықтау. Торғайдың сыртқы пішіні, қозғалуы (шапшандығы), тіршілік ету ортасы, азығы туралы ұғымдарын байыту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Балалардың әртүрлі іс-әрекеттерінде өлеңді тыңдауға баулу. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. Жақан Смақов "Торғай ағаш қорғайды" Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкентай торғайлар Ағаштарды қорғайды.	Желдің бағытын анықтауға үйрету: бұтақтардың шайқалауы, жалаулардың желпілдегені. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, жұмбақ шешуге баулу. Зияткерлікке тәрбиелеу. «Жел туралы жұмбақ» Д. Ахметова Шаңдатып, шашыратып топырақты, Шайқап бұтақты, желпілдетіп жапырақты, Ұшып келді көзге көрінбейтін кейіпкер. Танысаң, бұл құбылыс ... (Жел). Жалауларға қарап, желдің бағытын байқау. Тәжірибе. Балалар өздері қағаздан жасаған ленталарды жел алдына шығару, желдің бағытын анықтау.	иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. Көктемде жер бетіне шығатын шөптің түсі жасыл болатынын байқату. Көктем мезгіліне тән гүлдердің атауларын (байшешек, қызғалдақ, нәркез), ажырата білуді бекіту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Көркемсөз өнеріне, байқағыштыққа баулу. Кеңшілік Мырзабеков "Көк шалғында көбелек қудық" Көк шалғында көбелек қудық, Көбін ұстай алмадық. Көбелекті неге көп қудық Көлбеңдегеніне алданып? Көк көбелек қолға қонбаған Көз ұшында сағымға сіңді.	аялдамасы" жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Балаларға балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауды, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атап айтуға ынталандыру; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру. Балаларды жол қозғалысы ережелерін, қоғамдық жердегі әдептілік ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Көлікке мінсең, жолаушы, сөйлем. Жүргізуші назарын ешқашанда бөлме. Ережені бұзба, тыныштықты сақта. Жүйрік көліктің бағытын бөгеме. (Дина Ахметова)
Серуеннен оралу	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)				

	Мақсат-міндеттері. «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін ілу, жинау, кептіретін жерге аяқ-киімдерін орналастыру; ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; қолдарын жуу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Көркем сөз Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.

	(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)
Балалардың үйге қайтуы	Кенес. "Балаларды сұрақ қоюға және сұрақтарға жауап беруге үйрету".	Балалардың танымдық үрдістерінің диагностикасы (психолог)	Кенес. «Су тасқыны».	Кенес. "Баланың бос уақытын тиімді пайдалану".	Ата-аналарға кеңес. "Қыңырлықты шешу жолдары".

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **06.04 - 10.04.2026 ж.**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы «Еңбек шыққан жерден төзім де шығады». Мұхтар Әуезов					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	"Балаңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында ата-аналарға арналған сауалнама.	«Табиғатқа қамқор боламыз» экологиялық акциясы: «Бала бөлмесіне арналған гүлдер» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес.	«Табиғатқа қамқор боламыз» акциясы: «Гүлдер» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру.	«Табиғатқа қамқор боламыз» экологиялық челендж (көшеттерді отырғызу).	Баланың эмоциялық жағдайы.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету: жерді қопсыту, суару,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Кітап бұрышындағы еңбек"(кітаптарды қалпына келтіру). (қоршаған әлеммен таныстыру, жапырсыру) Мақсат-міндеттері.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек

және басқалары)	жапырақтардың шаңын сүрту. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.	Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауды, адал еңбектенуге және тәртіп сақтауға тәрбиелеу.	Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.	Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына орналастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.	дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды таратуға, тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; 2- оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3- таяқшаны алдыға созып ұстау; 4- сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5- таяқшаны алдыға созып	Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1- таяқшаны алға созу; 2- оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3- таяқшаны алдыға созып ұстау;	Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1- таяқшаны алға созу; 2- оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3- таяқшаны алдыға созып ұстау;	Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1- таяқшаны алға созу; 2- оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3- таяқшаны алдыға созып ұстау;	Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1- таяқшаны алға созу; 2- оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3- таяқшаны алдыға созып ұстау;

	ұстау; 6-бастапқы қалыпқа келу.	4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5- таяқшаны алдыға созып ұстау; 6- бастапқы қалыпқа келу.	4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5- таяқшаны алдыға созып ұстау; 6- бастапқы қалыпқа келу.	4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5- таяқшаны алдыға созып ұстау; 6- бастапқы қалыпқа келу.	4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5- таяқшаны алдыға созып ұстау; 6- бастапқы қалыпқа келу.
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Көркем сөз Алға жайып тұз-дәмін, Келтіреді үй сәнін. Ол халқымның ақ жаны, Жақсы дәстүр маржаны, Кеңпейіл де арайлы, Осы жерден тарайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Жануарлардың көктем тіршілігі" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы: жануарлардың көктем тіршілігі, оларға күтім жасау жайында суреттерді, энциклопедияларды қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді, ертегілерді оқу (М. Төрежанов "Құлын, қозы, лақ"). "Күй күмбірі": "Сары өзен" - халық күйі (орындаған Талғат Мұқышев) https://kitap.kz/music/2/talgat-muqyshevtynng-oryndauyndagy-kuylar «Өнегелі»: «Тыңдауды қалай үйренеміз?» Мақсаты: балаларда белсенді тыңдау дағдыларын дамыту.				
	«Ігі істер қоржыны» жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру,	Байқау: «Қазақшаң қалай, балақай?» Туған жер туралы	«Әдепті сөздер шеңбері» (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту	Көркемсөзді жаттау жаттығуы. Санамақ (тіл дамыту және көркем	"Қайда барасың? Сонда не табасың?" дидактикалық ойыны.

